

Балабақша музыка жетекшісінің ұсынымдары

Құрметті ата-аналар!

«Музыка» балалардық шығармашылық қабілеттерін дамытуға әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға және эмоционалдық интеллектісін арттыруға көмектеседі. Балабақшада қызықты және пайдалы музыкалық іс-әрекеттер, әртүрлі бағыттағы іс-шаралар өтеді. Балалардық шығармашылығын, өнерін, музыкалық қабілеттерін дамытып қолдау мақсатында

Ұсынамын:

- 1.Үйде музыка тыңдау:** Балаларыңызбен бірге әртүрлі музыкалық жанрларды тыңдаңыз. Классикалық, халықтық, заманауи музыка-бәрі де балалардың музыкалық мәдениетін байытады.
- 2. Музыкалық ойындар:** Балалармен бірге музыкалық ойындар ойнау өте қызықты және пайдалы. Мысалы: «Музыка тоқтағанда» ойыны, мұнда балалардың байқағыштығы, жылдамдығы есту қабілеттері дамиды.
- 3. Ән айту:** Балаларыңызбен бірге ән айтып, би билеу- олардың көңіл күйін көтеріп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.
- 4.Музыкалық аспаптармен таныстыру:** Егер мүмкіндік болса балаларға музыкалық аспаптармен танысуға мүмкіндік беріңіз. Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен және басқада музыкалық аспаптармен таныс болуға жағдай жасаңыз. Домбыра, қобыз, жетіген, асатаяқ, тайтұяқ, сыбызғы, сазсырнай, қоңырау,сылдырмақ, күйсандық, гитара аспаптарымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық металлофон кселофон маракас, ағаш қасық сияқты аспаптармен жеңіл музыкаларды әндердің музыкасына қосылып ойнауды ұсынамын, бұлардың бәрі балалардың аспапқа деген қызығушылықтарын арттырады.
- 5.Концерттер мен іс-шараларға қатысу:** Балалармен бірге музыкалық концерттерге, қойылымдарға, ертеңгіліктерге және тағы басқа іс-шараларға қатысу, олардың музыкалық білімдерін кеңейтеді.

Сіздің қолдауыңыз бен ынтымақтастығыңыз біз үшін өте маңызды! Бірлесе отырып, біз балалардың музыкалық әлемін ашып, олардың өнерге деген қызығушылықтарын, қабілеттерін ашып оларға қолдау көрсете аламыз.

Сіздерді балабақшадағы музыкалық және мерекелік іс-шараларда күтеміз!

Музыка жетекшісі: Ахметова Аймангул Зарлықанқызы.